

Табиғи ресурстарды сақтау зор міндет

Еліміздегі табиғи ресурстардың сарқилуы – қатер ретінде «ҚР 2050 стратегиясы» бағдарламасында атап көрсетілді. «Жердің табиғи ресурстарының шектеулілігі, сарқилу жағдайында адамзат тарихындағы теңдесі жоқ тұтынудың өсуі әр бағыттағы, келеңсіз де, оң да үдерістерді үдете түседі. Біздің еліміз бірқатар артықшылықтарға ие. Жаратқан бізге көп табиғи байлық сыйлаған. Біз оларды сатудан қазынамызға кіріс құя отырып, оларды дұрыс басқаруды, ең бастысы, еліміздің табиғи байлығын орнықты экономикалық өсуге барынша тиімді кіріктіруді үйренуіміз керек» деп атап айтты. Шынында да, соңғы уақыттары қоршаған ортаның мәселесі өте күрделене түсті. Қоршаған ортаны өзіміз үшін сол қалпында қорғап қалып, сақтау және болашақ ұрпаққа таза қалпында жеткізу, табиғи байлықтарды үнемді пайдалану бүкіл дүние жүзілік мәселеге айналып отыр. Қоршаған ортамыздың көркін қайта келтіру үшін педагогикалық-психологиялық, экологиялық және жаңа бағытта жасалынған ғылыми жұмыстармен аянбай күрес жүргізуіміз керек. Демек, дұрыс тәрбие, нақты білім, жоғары деңгейдегі ғылыми жұмыс жасалынса. Келешек ұрпақты, болашақ маман иелерін, жұмысшыларды, ата-аналарды экологиялық тәлім-тәрбиеге, жан-жақты жаңа технологиямен жаса-

лынған білімге көзін ашып, бағыт беру керек.

ҚР 2050 стратегиясында «Білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары» атты бөлімінде инженерлік білім беру жүйесін дамыту туралы да үлкен көңіл бөлінген. Осыған орай білікті, сапалы деңгейдегі эколог мамандарын даярлайтын Оңтүстік өңіріндегі ең ірі білім ордасының бірі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің базасындағы 58060800- «Экология» мамандығы қызмет көрсетіп келеді. «Экология» мамандығы жаратылыстану ғылымының қатарына кіреді. Бұл мамандықтың негізгі мақсаты іргелі білімді қолдана отырып, көпшілік қауымының экономикалық жағдайын көтеру, саяси тұрақтылықты қалыптастыру, әлеуметтік жағдайын жақсарту, қоғамның қалыпты өркендеуін қамтамасыз ету және табиғи ортаны жақсарту. Бұны Қазақстан Республикасының 2050 стратегиясын орындаудың алғы шарттарының бірі деп білеміз.

**Э. ҚУАНДЫҚОВА,
А. ЕРИМБЕТОВА,
Г. ИЗТЛЕУОВ,**

**М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дің
«Геоэкология және табиғатты
пайдалану» кафедрасының
оқытушылары.**